Аудандық білім бөлімінің 21 қыркүйектегі №10-04-01-06-03 / 2352 санды хатына сәйкес "Ұлылықтың бастауында ұстаз тұрар" апталық аясында "Ұстаз аты биік әрі мәңгілік" тақырыбында Меңдіғалиев Бектұрғанның бастауыштағы сынып жетекшісі Н.Төребаеваға арнаған өз ақжарма тілегенін назарларыңызға ұсынамыз .



**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **Махамбет Тарбие**.

25 сентябрь 2020 г. ·

Аудандық білім бөлімінің 16 қыркүйектегі 10-04-01-06-03/2325 санды хаты басшылыққа ала отырып Еңбек күні апталығы аясында 2-сынып жетекшісі Н.Төребаева "Еңбек ардагерлерін ардақтайық" тақырыбында онлайн форматта "Zoom" платформасы арқылы тәрбиелік шара өткізді. Өңірге белгілі еңбек ардагері білім саласының үздігі Бисенова Махаш апайдың өмірі мен еңбек жолдары туралы, Есбол орта мектебіне сіңірген еңбегі жөнінде оқушыларға мағлұмат берді.



**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 3**.

22 сентябрь 2020 г. ·

Есбол орта мектебінің 6-сынып оқушысы Сәлімжан Дина "Ұлылық бастауында ұстаз тұрар" атты апталықтың "Ұстаз аты биік әрі мәңгілік" айдары аясында өзінің алғашқы ұстазына жүрекжарды лебізін білдіру мақсатында жазған жұмысын назарларыңызға ұсынамыз

Алғашқы мұғалім

Дүниенің есігін ашқанда ең алдымен бірінші көретін адамың анаң болса, ес біліп мектептің есігін ашқанда көретінің екінші анаңдай болатын ұстазың . Менің қолыма қалам ұстатып, білім нәрімен сусындатқан ұстазым дәл анам... **Ещё**



# Күні: 17.09
# «Тарихзымыздың үш нышан белгісі»

- Есбол орта мектебінде 8сынып оқушылары арасында мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында викторинаныл қойын болып өтті. Зум платформасында ұйымдастырылған сайысқа оқушылар белсенді түрде қатысты.






# "Қарапайым ұстаз бейнесі қарындашпен"тақырыбында сурет салу



# Күні: 8.10
# «Рәміздер -рухымыздың ар ождaны»






# Күні: 30.10
# «Күз мерекем –күз берекем»



# «Қыз- ұлт келбеті» қыздар апталығы

“Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы “Дәстүр мен ғұрып” жобасын іске асыру бағытындағы 2-7 караша аралағында Есбол орта мектебінде “Қыз- ұлт келбеті” тақырыбында қыз оқушыларымызға арналған апталық жоспар жасақталды.

- *"Отаным менің өзімде " жобасы аясында Есбол орта мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі ұмыт болып бара жатырған ұлттық тағамдарымызды насихаттау мақсатында М.Темірханованың ұйымдастыруымен қыздарымыздың дайындаған "National food:қазақ асүйі" эстафетасын ұйымдастырды*
- 

- *“Отаным менің өзімде ” жобасы аясында Есбол орта мектебінің тәлімгері Ш.Сабырбаева* 6-*сынып қыз оқушыларымен "* *Ою-өрнек* Party" *шеберлік сағатын өткізді. Мақсаты: ұлттық құндылықтарымызды түсіндіре отырып, ойымызды рухани жаңғырту.*







# “Отаным менің өзімде ” жобасыын іске асыру шеңберінде Есбол орта мектебінің психологі Э.Саликова "Арт объект: қазақ қызының бейнесін" такырыбында онлайн кездесу өткізді. Онлайн шараға 7-11 сынып оқушылары қатысты














- *“Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы “Дәстүр мен ғұрып” жобасын іске асыру бағытындағы 2-7 қараша аралағында Есбол орта мектебінде “Қыз- ұлт келбеті” тақырыбында қыз оқушыларымызға арналған апталық аясында Есбол орта мектебінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Коржықбаның ұйымдастыруменн қазақтың ұлттық киімдерін насихаттау мақсатында* "Fashion:*Трендте -ұлттық киім!" ұлттық киімдер кию күнін өткізді.*









# «Тәуелсіздіктің жеті қыры»

- 23 қараша күні  Есбол орта мектебінде ҚР- ның Тұңғыш Президент күнін мерекелеуді ұйымдастыру бойынша онлайн режимінде өткізілетін іс-шаралар жоспары аясында қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі әрі сынып жетекшісі Л. Нұрғалиева «Тәуелсіздіктің жеті қыры» деректі фильмін 7-сынып оқушыларымен zoom программасы арқылы талқылады.







# "Тұңғыш Елбасы туралы 1000 сұрақ"

***Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева "Тұңғыш Елбасы туралы 1000 сұрақ" атты сайысын "Zoom" платформасы арқылы ұйымдастырды. Оқушылар онлайн шарада белсенділік танытып сұрақтарға толықтай  жауап беріп білімдерін көрсете алды***









# "*Ұлы даланың ұлы есімі*"

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай 10-сынып жетекшісі Ж.Сатқанбай "Ұлы даланың ұлы есімі" атты сынып сағатын "Zoom" платформасы арқылы ұйымдастырды. Оқушылар онлайн шарада Ұлы даланың ұлы есімдерінің бірі Н.Назарбаев туралы өз пікірлерімен бөлісті.









# «Елін сүйген Елбасы»

- 24 қараша күні  ҚР- ның Тұңғыш Президент күнін мерекелеуді ұйымдастыру бойынша онлайн режимінде өткізілетін іс-шаралар жоспары аясында  бастауыш сынып мұғалімі Г. Меңдіғалиева «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында 4-сынып оқушыларымен онлайн сынып сағатын өткізді.






# *"Ұлы даланың ұлы есімі"*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай жоспар жасақталып бекітілді. Жоспарға сай 5-сынып жетекшісі М.Темірханова "Ұлы даланың ұлы есімі" атты сынып сағатын "Zoom" платформасы арқылы ұйымдастырды. Оқушылар онлайн шараға белсене қатысып  сұрақтарға жауап беріді. Және де оқушылар Н.Ә.Назарбаевқа өз өлең шумақтарын арнады.





# " Әлем таныған тұлға"

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай 2-сынып жетекшісі Н.Төребаева " Әлем таныған тұлға" такырыбында сынып сағатын Zoom платформасында өткізді.Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап беріп, Тұңғыш Елбасына арнап тақпақтарын айтты*







# *" Тұңғыш Елбасымен біргеміз, берік болсын іргеміз"*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай 9-сынып жетекшісі Р.Қыдырқызының ұйымдастыруымен " Тұңғыш Елбасымен біргеміз, берік болсын іргеміз" атты сынып сағатын  Zoom платформасында өткізді.








# «Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев»

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай 1-сынып жетекшісі Н.Слеумуханова " Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" такырыбында тәрбиелік Zoom платформасында өткізді.Оқушыларға Тұңғыш Елбасымыздың өмірбаяны, ел басқару ісіндегі ерліктері, отбасы туралы мағлұмат береді. Бүлдіршіндер Тұңғыш Елбасына арнап тақпақтарын айтты.






# Күні: 27.11
# «Әлем таныған Елбасы»

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге орай 27 қараша күні Есбол орта мектебінің тәлімгері Ш.Сабырбаева " Әлем таныған Елбасы"тақырыбында 6-сынып оқушыларымен онлайн форматта сынып сағатын Zoom платформасы арқылы өткізді. Мақсаты: Тұңғыш Елбасымыздың өмір жолын таныстыру, патриоттық сезімдерін ояту, Елбасымыздың ақындық қасиеті мен шығармашылығын таныстыру; Сынып сағатында 6-сынып оқушылары белсенді түгелдей қатысып, Тұңғыш Елбасымыздың өмір жолына шолу жасады, қойылған сұрақтарға белсенді жауап беріп, өз ойларын анық жеткізе білді.






# Есбол орта мектебінде 10-20 қараша аралығында бала құқығын қорғау күні орай "Бала құқығы-адам құқығы" атты онкүндік жоспары жасақталды

# "Тәуелсіз елдің ұрпақтары"

***Жоспарға сай 10 қараша күні А.Мусаева "Тәуелсіз елдің ұрпақтары" атты көшбасшы оқушылармен қашықтықтан кездесу өткізді.***









- ***Есбол орта мектебінде бала құқығын қорғау күні орай "Бала құқығы-адам құқығы" атты онкүндік жоспарына сай 12 қараша күні А.Иманкулова "Бақытты балалық шақ" атты сурет салу шарасын өткізді. Әр оқушы бала құқығы, бақытты балалық шақ ұғымдарын суреттерінде бейнелей алды.***








# "Бала құқығы-адам құқығы"

***Есбол орта мектебінде "Бала құқығы-адам құқығы" Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған іс-шара шара жоспарына сай директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева "Бала құқығы-адам құқығы" тақырыбында шара ұйымдастырды. Бірінші бөлімі түсіндіру, таныстырылым болса, екінші бөлігі сайыс түрінде жалғасты. Онлайн шараға Ә.Таңатова , М.Төлеп, А.Жолдасова, А.Төлеп сынды оқушылар белсене қатысты. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп пікіралмасу кезеңінде өз ойларын ашық айта білді.***









# "Сыбайлас жемқорлық- үлкен құқықбұзушылық "

***Есбол орта мектебінде 11сынып жетекшісі М.Зинуллина мен оқушылары "Сыбайлас жемқорлық- үлкен құқықбұзушылық " тақырыбында онлайн шара ұйымдастырды.Шара барысында адал болу, жемқорлыққа жол бермеу туралы маңызды мәліметтер айтылды.***






# 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылған онлайн шаралар









**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **Махамбет Тарбие**.
16 декабрь 2020 г.

Есбол орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Г.Тұрғанбаева Тәуелсіздік мерекесіне орай дайындаған бейнематериалын назарларыңызға ұсынамыз



**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **Махамбет Тарбие**.
16 декабрь 2020 г.

Есбол орта мектебінің технология пән мұғалімі Тәуелсіздік мерекесіне орай онлайн сурет көрмесін ұйымдастырды. Оқушылардың жұмыстарын назарларыңызға ұсынамыз




**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **Махамбет Тарбие**.
14 декабрь 2020 г.

#Тәуелсіздік_күніне_2_күн_қалды
Есбол орта мектебінің музыка пәні мұғалімі Е.Камашев Тәуелсіздік мерекесіне орай 5-6 сынып оқушыларына онлайн түрде "Тәуелсіз елдің ұланымыз" әнін шырқауын ұйымдастырды. Дайындалған бейнероликті назарларыңызға ұсынамыз



**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **Махамбет Тарбие**.
11 декабрь 2020 г. ·

#Тәуелсіздік_күніне_5_күн_қалды
Есбол орта мектебінің 5-сынып жетекшісі М.Темірхpraнованың тәуелсіз мерекесіне орай дайындаған  бейнематериалын назарларыңызға ұсынамыз



***22 қаңтар күні Есбол орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Г.Тұрғанбаева жоспарға сай 9-сынып оқушыларына “Зайырлылық-қазақ қоғамының рухани дамуының кепілі” тақырыбында тарихи сабақ өткізді.***









# «Жарасымды карым -катынас»

26қаңтар күні Есбол орта мектебінің педагог-психологі Э.Саликованың ұйымдастыруымен «Жарасымды карым -катынас»такырыбында 5-6 сынып окушылары арасында психологиялық тренинг өткізілді. Окушыларга карым -катынас жасау мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, пара берудің зияны, дұрыс қарым-қатынас орнату, кикілжің жағдайында қалай оңтайлы шешім қабылдауға болатыны жөнінде түсініктер берілді. Оқушылар жаттығулар сәтінде өз ойларымен бөлісіп, тренингті қызықты ете түсті.






Өзін-өзі тану пәні мұғалімі А.Иманкулова 3-сынып оқушыларымен "Мейірімділік жүректен" атты сынып сағатын өткізді



- 9 ақпан - қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған Мақатаевтың өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Ақынның 90  жылдығы қарсаңында Есбол орта мектебі оқушыларының ақынның шығармаларынан жыр-шашуын ұсынамыз!



- Мектеп психологы Э.Саликова 5-сынып оқушыларымен "Қорқынышыңды басқар" тренингін өткізді. Оқушылар арт-терапиялық жаттығулар мен көңіл-күйді көтеретін сергіту жаттығуларын жасап, өз белсенділіктерін көрсетті.



- Есбол орта мектебінде 25 ақпан күні Н.Төребаеваның "Шынайы жүректегі алғыс" суреттер мен эсселер жазу шарасы ұйымдастырылды.
- 📌 Онлайн "Zoom" платформасында өткізілді.
- 📌Шараның мақсаты: Ризашылық пен алғыс айту туралы түсінік беру, үлкен -кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым -қатынасын дамыту





# «Жас қолқанатшылар»

- «ЖАС ҚОЛҚАНАТШЫЛАР» ТОБЫ ҚАРИЯЛАРЫМЫЗҒА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ
- 25 ақпан күні
- 🔊Мектебімізде тәлімгер Ш.Сабырбаева мен сынып жетекші Р.Қыдырқызы  және де  9-сынып оқушылар арасында құрылған “Жас қолқанатшылар” тобы ауа райының қолайсыздығына байланысты ауланы қардан тазарту, көмек қолын созу ақсақалды қариямыз Ермекбаев Жаппас ағамыздың алғыс айту мерекесіне орай үлкендерден алғыс алу мақсатында  ауласын қардан тазалап көмектескен болатын.
-    Нәтижесінде оқушылар көмекке мұқтаж, жалғызбасты, мүгедек қарияларымызға қолқанат бола білді.



- «ТУҒАН ЕЛГЕ МЫҢ АЛҒЫС»челенджі
- 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай “Жас Ұлан бірыңғай мен жасөспірімдер ұйымының” Ұланбасы Саламатқызы Алина челенжді Қосарал орта мектебінен қабылдап алып, Еңбекшіл орта мектебіне жолдайды!



- Алғыс айту жүректен шыққан ризашылық 💓
- 🔊Есбол орта мектебінің 4-сынып жетекшісі Г.Меңдіғалиева мен білім алушылары дайындаған "✿Алғыс айтам бәріңе✿" бейнеролигін назарларыңызға ұсынамыз






- ***”АНАЛАРҒА МЫҢ АЛҒЫС” сынып сағаты***
- ***___________________________________________-***
- ***✏Мақсаты: 1 наурыз-Алғыс айту күнін насихаттап, дүниеге шыр етіп әкелген Ардақты да аяулы аналарымызға алғыс білдіру.***
- ***26 ақпан күні сынып жетекші Айнур Иманкулованың ұйымдастыруымен онлайн форматта 3-сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді.***






# «АЛҒЫС АЙТУ - ПАРЫЗЫМ»

/сынып сағаты/

- 26 ақпан күні сынып жетекші Марина Темирханованың ұйымдастыруымен 5-сынып оқушыларына онлайн форматта сынып сағаты өтті.
- ________________________________________
- Әлемдегі теңдесі жоқ сыйлық ол әрине қолдан жасалған сыйлық, себебі баланы оны шын жүрегімен, ақ пейілімен дайындайды



# "Алғыс күні« шарасы










1 НАУРЫЗ


Мың алғыс саған туған жер
0:14 / 2:57

# "Туған жер - атамекенім"

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған «OTANLife» ЖОБАСЫ аясында Есбол орта мектебінде "Туған жер - атамекенім" атты сайыс өткізілді.

Сайыс Атырау облысының географикалық орнынан басталып, Тәуелсіз Қазақстанның аймақтары туралы сұрақтар және тапсырмалармен жалғасты.

Сайысқа қатысушылар 11 -сынып оқушылары, ұйымдастырушы география пәні мұғалімі С.Қоржықбаева

Барлық оқушылар белсенділік танытты.








# ”СЫЙЫНАР ЕМ АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ!”

- Шараның мақсаты: 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні мерекесін тойлау, оның маңыздылығын түсіндіру,аналарымызға алғыс айту.
- Аға тәлімгер Ш.Сабырбаева мен сынып жетекші М.Темірханованың ұйымдастыруымен 3наурыз күні 5-сынып оқушыларына арналған сынып сағаты өткізілді.Шарада оқушылар аналарына арнап жыр шумақтарын, әсем ән, мың алғыстарын жеткізе білді.
- Ана- жердегі қорғаушы тәңіріміз! Батыр да, дана да, алып та Анадан туады. Аналарымызды қадірлей білейік!



# "Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы"

8 наурыз Халықаралық әйелдер  күні мерекесіне орай "Қызғалдақ" қыздар ұйымының жетекшісі А.Альсмахованың ұйымдастыруымен "Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы" тақырыбындағы ZOOM платформасында мерекелік жиын болып өтті

Мақсаты: Қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсете отырып,  сыпайылылыққа сұлулыққа құштарлығын арттыру



# "Қыз өмірдің қызғалдағы"

Есбол орта мектебінде 5 наурыз күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева  "Қыз өмірдің қызғалдағы" атты 9,11 сынып оқушылары арасында  сайыс болып өтті.

Мақсаты : Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру,  оқушылардың білімдерін ынта, ықыласын, икемділігін, талантын бағдарлап оны дамыту

Нәтижесінде білім алушылар қазақ халқының ұлттық өнерін , салт - дәстүрін еске түсіріп,    тазалыққа, көпшілік алдында өзін - өзі ұстай білуге, әдептілікке, мейірімділікке үйренді.



# «8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні»

**Есбол орта мектебінің 6-сынып ұлдары 8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен асыл аналары мен сыныптың қылықты да сұлу қыздарын мерекемен құттықтау бейнеролигін әзірлеп, әлеуметтік желіге**



# *Шымырлық пен шеберлік күні*

- ***Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "OTANLife" ЖОБАСЫ аясында***
- ***Бұл күні қазақтың ұлттың ойындары өте көп ойналады. Арқан тартыс, кір тасын көтеру, асық ату барлығы да жыл сайын Наурыз мерекесінің құрметіне ұйымдастырылады.***
- ***Асық ойнау әсіресе балалар арасында жиі өтеді. Асық ойнау көзге тым қарапайым көрінгенімен бала денсаулығына өте пайдалы. Асық – қойдың асықты жілігінен алынатын сүйек. Баланы ептілікке, шапшаңдыққа, алдына қойған мақсатына жетуге тәрбиелейді.***
- ***Ұйымдастырушылар сынып жетекші А.Иманкулова , 3 -сынып оқушылары***



# «Амал мерекесі»

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында
- 14 наурызда еліміздің батыс өңірлері Наурыз мейрамының басы Көрісу мерекесін атап өтіп жатыр
- Бұл күнді Амал мерекесі деп те айтады. Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туыс-туған, көрші-көлеңмен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бір-біріне деген араздық, өкпе-реністі ұмытып, амандық тілейді
- 9-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Р.Қыдырқызы  Көрісу күнін ұйымдастырып өткізді



# Жайлау күні «Табиғатты аялайық»

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында
- Жайлау күні .Бұл күні табиғат аясында серуендеуге жағдай жасалып , көшет егіп , қоқыс тазарту шаралары ұйымдастыру
- 2-сынып жетекшісі Н.Төребаева табиғат аясын таза ұстау , қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту мақсатында "Табиғатты аялайық" тақырыбында сынып сағатын өткізді.



# Менің отбасымның шежіресі»

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында
- Бұл күні отбасының, ел-жұрттың, жеті атаның тарихы айтылып, шежіресі таратылады.
- Осы орайда 6-сынып жетекшісі Мусаева А ұйымдастыруымен «Менің отбасымның шежіресі» тақырыбында сынып сағаты өтті
- Оқушылар өздерінің 7атасын айтып,
- өмірден өткен ата-бабаларының  жақсы істерін, ерліктерін әңгімелеп берді.



# Қазақстан кеше,бүгін,ертең"

- *Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында*
- *Есбол орта мектебінің 10-сынып оқушылары мен жетекшісі Ж.Сатқанбай Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында "Қазақстан кеше,бүгін,ертең" тақырыбында сынып сағатын өткізді*
- *Шара " Zoom" платформасы арқылы өткізілді*
- *kzШараның мақсаты: оқушыларды адамгершілікке,Отансүйгіштікке, халқына адал қызмет етуге тәрбилеп, тәуелсіздік ұғымын кеңінен түсіндіру*






# *Ұлыстың ұлы күніндегі –Зияткерлік күн*

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында
- Қазақ халқында балалардың ой-санасын жетілдіру, зияткерлік қабілетін дамытуда ауыз әдебиетінің , халқымыздың салт дәстүрлері , әдет ғұрыптарының алар орны ерекше.
- Бұл шараның мақсаты оқушыларды  отансүйгіштікке, адалдыққа, ерлікке, тез ойлауға тәрбиелеу, зияткерлік қабілеттерін арттыру.
- 4-сынып жетекшісі Г.Меңдіғалиева Зияткерлік күнін осындай аса бай мол мұрамызды, салт дәстүрлерімізді ғұрыптап, оқушылардың санасына сіңіре отырып, ұйымдастырды






# *«Ұлттық тағамдар шеруі»*

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында

Халқымыз ерте заманнан табиғи таза өнімдер тұтынған. Төрт түліктен алынған өнімдер адам денсаулығына пайдасы зор екенін түсіне білген.

Ел президенті Қасым- Жомарт Кемелұлының Наурыз мерекесін тойлау онкүндігінің бір күні осы ұлттық тағамдар күні болатын .

5-сынып жетекшісі М.Темірхsecurelянованың ұйымдастырумен ұмыт болып бара жатқан ұлттық тағамдарды дайындап, насихаттау мақсатында мастер класс ұйымдастырды





# *«Ұлыстың –ұлы күні»*

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында
- тамыры тереңге бойлаған әз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген.
- Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке
- Міне осы ұлы мерекеде 1-сынып жетекшісі Н.Слеумұханова "Ұлыстың ұлы күні" атты мерекелік шара ұйымдастырды.









# «Сарайшық –киелі ордам»

- 26 наурыз күні Тарих пәні мұғалімі Г.Тұрғанбаева 8-сынып оқушыларына Зум платформасы аркылы Сарайшык мұражайын вертуалды түрде саяхат жасады









# *1мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні*

- Есбол орта мектебінде 1мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай 3-сынып жетекшісі А.Иманкулова шара өткізді
- Мақсаты балалардың «достық», «бірлік», «халық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.






- Халықаралық интернет күніне орай "Қауіпсіз интернет" акциясы ұйымдастырылуда
- Мақсаты кәмелетке толмағандардың ортасында интернет ресурстарын қолдану мәдениетін қалыптастыру.
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі С Қоржықбаева "Интернет дегеніміз не?" тақырыбында жоғарғы сынып оқушылары арасында түсінік жұмысын жүргізді
- Оқушыларға интернеттің пайдасымен қатар зияны туралы айтылды





- ”Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт” жобасы аясында
- 5сәуір күні
- Мектеп кітапханашысы Ш.Сабырбаева Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің тапсырмасына сәйкес, “Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт” жобасы аясында 4-сынып оқушыларымен “Кел, балалар оқылық!”тақырыбында кітап оқу эстафетасы өткізілді.
- Жобаның мақсаты - оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру, кітап оқуды насихаттауға бағытталған.
- Шарада мектеп оқушылары жобаның мақсатымен таныстырылып, жоба аясында қойылған кітаптарды өз таңдауларымен оқуға ұсынылды. Оқушыларға бір апта бұрын қазақтың ұлы ағартушы-педагогы, жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай Қазақ хрестоматиясы кітабы оқуға берілді. Оқушылар кітапты оқып, кітаптың мазмұнын,мағынасын ортаға салып айтты.






- Мектепалды даярлық тобымен мектеп психологы Саликова Эльза "Ойлайық та ойнайық" тақырыбында тренинг өткізді.
- Мақсаты тәрбиленушілерді шапшаңдыққа, зеректікке, алғырлыққа, тез ойлауға  тәрбиелеу
- Тәрбиеленушілердің  тренинг барысында ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін  процестері артты.
- Тренинг барысында тәрбиеленушілер көтеріңкі көңіл- күймен тренинг  жаттығуларына қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты.







Есбол орта мектебінде 4-сәуір Халықаралық интернет күніне орай "Қауіпсіз интернет" акциясы ұйымдастырылуда

Осы орайда, 8-сәуір күні мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Е.Жайсаңбаев "Қауіпсіз интернет еліне саяхат" жасады.









📅 Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай “OTANLife” ЖОБАСЫ аясында

🌍“Ғарышты бағындырған Қазақстан” тақырыбында 4-сынып оқушыларына ақпараттық сағат өткізілді.

📝Мақсаты: Адамзат баласының алғашқы ғарышқа ұшуына 60-жыл толуына байланысты, оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік беру, таңғажайып аспан әлеміне шолу жасау.

✅Шарада “Ғарыш туралы не білеміз?” тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, оқушыларға сұрақтар қойылып ғарышкерлеріміз туралы мәліметтер берілді.



🌍4 сәуір - Халықаралық интернет күніне орай

📅 12 сәуір күні мектеп психологы Э. Саликова "Балаларға бала жасынан бастап қауіпсіз интернет қажет" тақырыбында 5-сынып оқушыларымен тренинг жұмысын ұйымдастырды.

📝Мақсаты: Оқушыларға интернет туралы толық ой қалыптастыру,оқушылардың тақырып бойынша тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.

✅Тақырып бойынша оқушыларға мағлұматтар беріліп,сұрақтарға жауаптар алынып, Интернет пайдасы мен Интернет зияны жөнінде постер қорғалды. Интернет және адам тақырыбында көрініс қойылып, оқушылар көрініс жөнінде өз ойларымен бөлісті.Оқушылар тренингке белсене қатысты.



🗓️Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "OTANLife" ЖОБАСЫ аясында

🌍"Ғарыш әлемі" тақырыбында 6-сынып оқушыларына Р.Қыдырқызы ақпараттық сағат өткізді.

📝Мақсаты: Адамзат баласының алғашқы ғарышқа ұшуына 60-жыл толуына байланысты, оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік беру, таңғажайып аспан әлеміне шолу жасау.






- «Ең маңызды таңдау» тақырыбында мектеп психологі Э.Саликова тренинг ұйымдастырды.
- Мақсаты: Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.
- Ұтымды тұсы: 9-сынып оқушыларымен «Ең маңызды таңдау» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Тренинг слайд арқылы таныстырылып, оқушылар «Мектеп», «Емхана», «Балабақша» жөнінде постер қорғап, өз ойларымен бөлісті. Мамандық таңдау бойынша кеңестер берілді. «Жасырын хат», «Қол мидың жалғасы», «Әріпті мамандық» жаттығулары жүргізілді.
- Тренинг соңында оқушылар өздеріне қажетті ақпарат алғандықтарын ортаға салып, өз ойларымен бөлісті және оқушылар тренингке белсенді қатысқандары үшін формативті бағаланды.



- 22 сәуір Халықаралық 🌍Жер күніне  Есбол орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,география пәні мұғалімі С.Қоржықбаева экология және еңбек фракциясының президенті Досымбек Д шара ұйымдастырды
- ▯ Шараның мақсаты оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту; табиғатты қорғауға, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, Табиғат - Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу
- 📝Шара 3 кезеңнен өтті. Бірінші кезекте Жер ғаламшары  туралы жалпы географиялық сұрақтар қойылды.Шараның екінші бөлімі "Жер ананың салауатты ұрпағы" кезеңі. Бұл кезеңде оқушылар эстафеталық сайысқа түсе отырып жер туралы өлең жолдары мен мақал-мәтел жазып білімдерін көрсете білді. Шараның үшінші бөлімі мектеп ауласында жалғасты. Қоршаған ортаны қорғау әрбір адамның міндеті екендігін ескере отырып,  Жер анаға деген махаббат пен құрметтерін мектеп ауласындағы ағаштарға күтім жасап, су құюмен жалғады.
- 🌍Аталған шарада оқушылар өз білімдерін жоғары дәрежеде көрсетіп, қызығушылықпен қатысты





- Жол ережесін сақтау қауіпсіздік кепілі" тақырыбында М.Темірханова 5-сынып оқушыларына онлайн зум платформасында шара өткізді
- Мақсаты оқушылар арасында жол қауіпсіздігінің дағдылары және жолда жүру қауіпсіздігі туралы ақпараттандыру



- Есбол орта мектебінде 23-сәуір күні "Жанұя және бала" жедел профилактикалық іс-шара аясында мектеп инспекторы Н.Ураков және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева, өзін-өзі басқару бойынша құқық және тәртіп фракциясының президенті Т.Қайырова "Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ" тақырыбында Зум платформасы арқылы онлайн жиналыс ұйымдастырды
- Жиналысқа 8-11 сынып оқушылары мен ата-аналары, сынып жетекшілер, мектеп психологі қатысты
- Жиналыс басында С.Қоржықбаева бейнеролик көрсетіп , бейнеролик аясында қатысушылардың пікірін тыңдап, қатысушылар арасында талқыланды. Келесі кезекте мектеп психологі ата-аналарға зорлық-зомбылық түрлері, болдырмау жолын ұсына отырып, маңызды кеңестерімен бөлісіп өтті
- Жиналыс барысында Н.Ураков отбасындағы зорлық зомбылыққа тоқтала келе, оқушыларымызға үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу,бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау, көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге кеңес берді



- Есбол орта мектебінде «Біз болашаққа жауаптымыз» атты экология апталығы жоспарына сай, 1-сынып жетекшісі Н.Слеумұханова, 2-сынып жетекшісі Н.Төребаеваның ұйымдастыруымен «Біздің үйдің жануарлары» атты сурет көрмесі



- Есбол орта мектебінің экология апталығының  жоспарына сай «Біз болашаққа жауаптымыз» атты экологиялық апталықтың екінші күнінде 3 сынып оқушыларының «Бұл әлем қандай әдемі!» атты фотосуреттердің бейнеролигін ұсынамыз.
- Сынып жетекшісі: А.Иманқұлова





# «Біз болашаққа жауаптымыз» атты экология апталығы

- Есбол орта мектебінің «Біз болашаққа жауаптымыз» атты экология апталығының үшінші күні.
- «Жандану», «Қалдықтардың екінші өмірі» тақырыбымен қалдықтардан жасалған 8-сынып оқушыларының қолөнер бұйымдарының көрмесі.








# Экология апталығы

- Есбол орта мектебінің 26-30 сәуір аралығында «Біз болашаққа жауаптымыз» атты экология апталығы аясында 5 сынып оқушыларының  «Табиғат аясындағы Мен!» тақырыбында мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқу.
- Ұйымдастырушылар  экология фракциясының депутаты Досымбек Данагүл сынып жетекшісі Темірханова Марина






# Ұлы Жеңіске 76 жыл

**Есбол Орта Мектебі**
11 май 2021 г. ·

Ұлы Жеңіске 76 жыл

✅Есбол орта мектебінің 1 -сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Н.Слеумұханова таза аулада "Ұлы Жеңіске 76жыл" атты шарасы болып өтті



**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.
9 май 2021 г. ·

#Ұлы_Жеңіске_76_жыл

Адамзат тарихындағы ең сұмдық нәрсе бұл – соғыс. Биылғы жылы Ұлы Жеңіске 76 жыл толды. Жеңіс күні- бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер- солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Осы орайда, мен аулымыздан жастай соғысқа аттанып, бір аяқ, бір қолынан айырылып,асқан ерлікпен оралған батырларымызды еске алып, майдангерлерімізді мақтан тұтамыз!

(Ардагерлер туралы мағлұматтар Есбол орта мектебі мұрағатының қор құжаттарынан алынған)

✅Бауыржан атамыз айтқандай: «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім» – дей келе, кешегі тарихын ұмытпаған елдің болашағы жарқын болады. Бүгінгі бейбіт күнге жеткізген майдангерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды! Сіздерге мың алғыс!




**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.
8 май 2021 г. ·

#Ұлы_Жеңіске_76жыл

Есбол орта мектебінің 4-сынып жетекшісі Г.Мендигалиева "Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс " атты онлайн шара өткізді

✅Мақсаты: жас ұрпақты елін, жерін, Отанын сүюге баулу.

✅ Шараға барша оқушылар белсенді түрде қатысты




**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.
8 май 2021 г. ·

#Ұлы_Жеңіске_76жыл

Есбол орта мектебінде 10-сынып жетекшісі Ж.Сатқанбай зум платформасында "Ерлік ешқашан ұмыт қалмайды" тақырыбында онлайн шара өткізді.

✅"Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды" деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілд... **Ещё**



# 15мамыр_Халықаралық_отбасы_күніне орай ұйымдастырылған шаралар тізбегі












**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.

10 май 2021 г. ·

#Халықаралық_отбасы_күні

✅"Отбасы естеліктері" челенджі
✅5-сынып оқушысы Бағытжанова Гүлсананың жұмысы




**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.

10 май 2021 г. ·

#15мамыр_Халықаралық отбасы күніне орай 5-сынып жетекшісі М.Темірханова "Отбасы құндылықтары" атты қашықтықтан шара өткізді

✅Шараға 5-сынып оқушылары көптеген жұмыстарын фотожазба, бейнеролик түрінде ұсынды.Атап айтсақ

✅Берікқызы Асылай... **Ещё**







**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Бі**
**ещё 2**.

10 май 2021 г. ·

#15_мамыр_Халықаралық_отбасы_күні

✅6-сынып оқушысы Тасберікқызы Айзеренің отбасына арн
шумақтарын назарларыңызға ұсынамыз

Қуанамын-ұйытқыған отбасымыз

Қуанамын дүниеге келгеніме,
Анамның нұрлы жүзін көргеніме.
Жан Әкемнің ақылын терең ұғып,
Айтқандарын орындап жүргеніме.

Қуанамын ағамның болғанына,
Інісінің айналған қорғанына.
Қарындасқа үлгілі аға болып,
Бұл өмірдің шығарар заңғарына.

Қуанамын барына жеңгемнің мен,
Қолдарынан тәттілер жегенмін мен.
Ата анама қызмет жасап жатыр,
Үйге енді аяқ басып келгенімен.

Қуанамын,еркелесе қарындасым,
Қолымдағы аяулы қарлығашым.
Үстіңдегі киімің тарылса да,
Пейілің ешқашанда тарылмасын.

Қуанамын,інім бар өсіп жатқан,
Бұл отбасың өзіңе сенім артқан.
Бұл өмірде шалқыған тұлға болшы,
Бақытына белшесінен батып отқан.

**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.

10 май 2021 г. ·

#15мамыр_Халықаралық_отбасы_күні

✅Есбол орта мектебінің отбасы күнін мерекелеуге орай 6-сынып оқушысы Әділ Гүлжанның шығармашылық жұмысын назарларыңызға ұсынамыз

Отбасы

Дүние есігін ашқанда ең алғаш көрген адамдар,олар әрине отбасым.Отбасы дегенді әркім әр-түрлі түсінеді.Менің ойымша отбасы деген татулықтан,сүйіспеншіліктен,бауырмашылдықтан тұрады.Отбасы құрайтын әр адамның орны бір бөлек,бір ерекше жан оның орнын ешкімде баса алмайды.Отбасы сөздің түбінде бір үлкен мән бар.Ол сөзді түсіне білу үшін,өз отбасының қарым-қатынасына қарайсын Мен отбасымды қатты жақсы көремін.Неге десеңіз қыйын қыстау кезінде,қасымнан табыла біледі.Міне мен өз отбасыммын ұялмай ел бетіне мақтап айта аламын!



**Есбол Орта Мектебі** сейчас с **Махамбет Аудандық Білім Бөлімі** и **ещё 2**.

10 май 2021 г. ·

#15мамыр_Халықаралық_отбасы_күні

✅"Менің қос бәйтерегім" бейнеролигі
✅ 6-сынып оқушысы Мендигалиев Бектұрған
✅Сынып жетекшісі Мусаева Анар



**Есбол Орта Мектебі** с **Махамбет Тарбие**.

10 май 2021 г. ·

#15_мамыр_Халықаралық_отбасы_күні

👪Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю - отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасы - отанымыздың ошағы.

✅Осы орайда 6-сынып оқушысы Жаңабай Альбинаның сурет туындысын назарларыңызға ұсынамыз



- Есбол орта мектебінің  психологы Саликова Эльза 6-сынып окушыларымен "Өзіңді тәрбиелеу-өмір талабы" тақырыбында кеңес беру сағатын ұйымдастырды.
-  Мақсаты: оқушыларға өзін-өзі бағалауда ерік-жігердің, адамгершіліктің, мақсаттың, күш-қуат және сана-сезім тәрізді құндылықтардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру.
- Кеңес беру сағатына оқушылар белсене қатысып, пікірлесу айдарында өз ойларымен ашық бөлісті, жаттығуларға қызығушылықпен қатысты



- Есбол орта мектебінде 25 мамыр күні "Сыңғырла соңғы қоңырау" атты салтанатты жиыны болып өтті.
- Жиын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнін шырқаумен басталды. Одан әрі мектеп директоры, ауданнан келген өкілдер, ата_аналар жас түлекке сәт сапар тілеп, жолдарының ақ жол болсын деп тілек білдірді
- Жас түлектер сезімге толы өз жүрекжарды тілектерін айтып, ұстаздарға , алтын ұя мектебіне  ән шумақтарын жолдап жылы лебіздерін білдірді. Арманға толы шар ұшыру кезеңі өте әсерлі көрініс болды. Соңғы қоңырау үні естіліп шәкірттер алтын ұясымен , ұстаздарымен қимастықпен қоштасты
- Сонымен қатар 1-5 сыныптарда сыныптарда офлайн түрде мерекелік шара жалғасты. Сыныптарда соңғы қоңырау салтанатымен оқушыларды  құттықтап , жыл ішінде жақсы оқыған, түрлі сайыстарға қатысып жүлделі орын алған оқушыларын марапаттады.
- Соңғы қоңырау салтанаты  6,7,8,10 сынып оқушыларына онлайн түрде зум платформасында ұйымдастырылды. Шарада сынып жетекшілер ата- аналар мен оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. Сынып жетекші пандемия жағдайында да онлайн сайыстардан қалмай қатысып, жүлделі орын алған оқушыларын марапаттады



